

КЕЛІСІМ –ШАРТ

Шымкент қаласы «01» 09. 2026ж.

ЖШС «Жас-Қанат» мектеп – интернатының әкімшілігі атынан оқушылардың тәрбиесі мен мектепшілік тәртібі ережелерін орындау мақсатында, директор Молдабаева У.И.. және ата –ана (өзге де заңды өкілі) _____

_____ (оқушының аты-жөні, сыныбы)

төмендегідей келісім –шартты жасадық.

I. Келісім- шарт мазмұны

1.1. ЖШС «Жас-Қанат» мектеп – интернаты ҚР «Білім туралы заңы», Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, басқа да нормативтік-құқықтық актілер негізінде және мектеп жарғысы, «Мектепшілік тәртіп сақтау ережесі» негізінде мектеп пен оқушы, ата-ана арасындағы міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

II. Тараптардың міндеті мен құқығы

2.1. Мектеп міндеті:

2.1.1. Жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес көрсетілген білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

2.1.2. Білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға қызмет көрсету рухында, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

2.1.3. Мектеп оқушыларынан сабаққа кешікпеуін, сабақтан себепсіз қалмауын, мектеп формасының сақталуын, оқу –құралдарының түгел болуын, оқушы ережесінің сақталуын талап етуге міндетті.

2.1.4 Мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарымен (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;

2.1.5 Мектептің ішінде ұлтаралық , рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға, өзгені кемсітпеуге;

III. Мектеп құқығы:

3.1.1. Мектеп оқушыларының міндеттерін бұзғаны үшін оларға мектептің ішкі тәртібінің ережелері және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралар қолдануға;

3.1.2. Оқушыларды тамақпен және медициналық көмек көрсетумен қамтамасыз етуге, денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз етуге;

3.1.3. Мұғалімнің өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;

IV. Ата-ана мен өзге де заңды өкілдер:

4.1.1. Балаларына өмірі мен оқу үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

4.1.2 Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде мектепке жәрдем көрсетуге;

4.1.3. Балалардың мектепке сабаққа баруын қамтамасыз етуге;

4.1.4. Балалар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мектептің жарысында көзделген талаптарды орындауға;

4.1.5. Оқушылар, ата-аналар педагог қызметкерлердің ар-намысы мен қадір –қасиетін, мектептің дәстүрлерін құрметтеуге;

4.1.6. Балаларының сабаққа мектеп формасымен (ақ көйлек, көк түсті юбка-қыздар; ақ көйлек, көк түсті шалбар, пиджак –ер балалар), шаштарының мектеп оқушысына сәйкес болуын қамтамасыз етуге;

4.1.7. Балаларының мектепке діни киіммен келмеуін қамтамасыз етуге;

4.1.8. Балаларын оқулықпен толық қамтамасыз етуге, оқу –құралдарының түгел болуын, оқушы күнделігін жүргізуге, оқушы күнделігін ата-ана апта сайын тексеруге, ұялы телефонды мектепке алып келмеуге (смартфон) пайдаланбауға, дөрекі сөз-қолданбауға, спорт және АӘД пәніне арнайы формасын қамтамасыз етуге, мектептен тыс уақытта баласының өмір қауіпсіздігіне жауап беруге міндетті;

4.1.9. Балаларының бос уақытын тиімді пайдалануы мақсатында көркемөнер, спорт және техникалық үйірмелеріне қатыстыруға;

4.1.10. Мектепте өтілетін іс-шараларға, ата-аналар жиналыстарына үнемі қатысуға;

4.1.11 Мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарының (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;

4.1.12 Мектептің ішінде ұлтаралық , рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға, өзгені кемсітпеуге;

4.1.13."Жас Қанат" мектеп-интернаты ЖШС-де оқитын өз баламның "қаржы орталығы"АҚ-да дербес деректерді өңдеуге өз келісімімді беремін.

4.1.14. Ыстық тамақпен қамтамасыз етілуіне қарсы емеспін

Келісім Тегі, Аты, Әкесінің аты, Жынысы, Туған күні, азаматтығы, жеке басын куәландыратын құжаттың түрі (оның сериясы, нөмірі, Берілген күні мен орны) туралы мәліметтерге қатысты.

Мен өз балаларымның дербес деректерін тек қана міндеттеменің орындалуына мониторинг жүргізу үшін досы қалыптастыру мақсатында пайдалануға, сондай-ақ жоғарыда аталған барлық деректерді электрондық жеткізгіштерде сақтауға келісім беремін.

Менің назарыма "қаржы орталығы" АҚ" Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес балаларымның дербес деректерін өңдеуге кепілдік беретіні жеткізілді.

Осы Келісімнің қолданылу мерзімі шектелмейді. Келісім менің жазбаша өтінішім бойынша кез келген уақытта кері қайтарылуы мүмкін.

Мен келісім бере отырып, мәжбүрлеусіз, өз еркіммен және өз мүддеммен әрекет ететінімді растаймын.

V. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Мектеп әкімшілігі мен қызметкерлері балалардың мектепте болған кездегі өмірі мен денсаулығына жауап беруге тиісті.

5.2. Мұғалім өзінің лауазымдық міндеттерін бұзғанда арнайы жауапкершілік алады.

5.3. Егер ата-ана тараптардың 4.1.3., 4.1.6, 4.1.7., 4.1.8 тармақтарын бірнеше рет бұзса ҚР «Әкімшілік кодексінің» 127,409- баппен жауапкершілікке тартылады, оқушы мәселесі педагогикалық кеңесте қаралады.

5.4«Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес:

-Білім беру ұйымдарындағы тәрбие үдерісінде нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен

айырықшалықты насихаттауға, милиаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады (28-баптың 4-тармағы);

-білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға (49-баптың 3-тармағы);

-білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға (49-баптың 6-тармағы);

-білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға (49-баптың 7-тармағы).

Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген.

5.5. Мектеп қызметкерлері баланың зергер бұйымдары жоғалған жағдайда жауап бермейді.

VI. Келісім- шарт жою

6.1. Арнайы келісім –шартты жою іс әрекеті:

- Бала басқа мектепке ауысқан жағдайда;

- Басқа қалаға көшкенде.

Екі жақтың мекен –жайы:

Әкімшілік Ата-ана:

ЖШС «Жас-Қанат» Мекен –жайы : _____

Мектеп-интернаты _____

Бозарық 2, Жас алаш 500/1 Телефон : _____

87785792029

Директор _____ Молдабаева У.И. Ата-ана: _____

(аты-жөні) қолы

Үлгі / Образец — толтырылмаған бланк. Жеке деректерсіз.